

Қасым-Жомарт Тоқаев,
ҚР Президенті:

Халқымның сенімі — маған аманат

Тәуелсіздік сарайында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты салтанатты ұлықтау рәсімі өтті. Мемлекеттік Ту мен Президент Байрағы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциясы Тәуелсіздік сарайының Үлкен залына әкелінген соң Қазақстан Республикасының Президенті келіп, мінберге көтерілді. Конституцияның 42-бабына сәйкес, Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа ант берді.



— Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің өзіне жүктелген мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін, — деді ҚР Президенті.

Сайланған Қазақстан Президентінің қызметке кірісу құрметіне орай Мемлекеттік әнұран ойналып, 21 рет зеңбіректерден оқ атылды. Ал «Ақорда» резиденциясының үстінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көтерілді.

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстан Республикасы Президентінің күәлігін тапсырды.

Мемлекет басшысы салтанатты ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзінде өзіне зор сенім артқан барша отандасына алғыс айтты.

— Халықтың сенімі — ең құнды нәрсе. Сайлау нәтижесін халқымыздың саяси бағдарыма — бағасы, алдағы жоспарыма — батасы деп қабылдаймын. Халқының қолдауына ие болып, ел тізгінін ұстау — ер азамат үшін ең биік мәртебе әрі орасан зор жауапкершілік. Алдағы 7 жылды бүгінгі буынның және келешек ұрпақтың алдындағы борышымды өтеуге берілген бірегей мүмкіндік деп білемін. Қазақ «аманат» деген асыл ұғым бар. Халқымның сенімі — маған аманат. Осы аманатқа адал болу — мен үшін қасиетті парыз. Ел үмітін ақтап, Қазақстанды өркендеген, бақуатты мемлекетке айналдыру үшін қолымнан келгеннің бәрін жасаймын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент алдағы қызметінің бірқатар негізгі бағытын атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, шынайы заң үстемдігін қамтамасыз етпей, әділетті әрі нарықтық экономиканы құру, жеке меншікті қорғау, бәсекелестікті дамыту, сыбайлас жемқорлықты жою мүмкін емес. Еліміз даму жолында, негізінен, өз күшіне сенеді. Сонымен қатар шетелден тікелей инвестиция тарта отырып, түрлі саладағы халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде дамытады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан өз ұлттық мүддесін қорғауға бағытталған теңгерімді және конструктивті сыртқы саясатын жүзеге асыра беретінін жеткізді. Саяси жаңғыру үдерісі жоспарлы түрде жалғасады.

Ұлықтау рәсіміне Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттары, Үкімет мүшелері, Жоғарғы сот судьялары, Конституциялық Кеңестің мүшелері, Президент Әкімшілігі мен Премьер-Министр Кеңсесінің өкілдері, орталық мемлекеттік басқару органдарының басшылары, Орталық сайлау комиссиясы мен Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшелері, діни конфессия өкілдері, облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері, Қазақстандағы дипломатиялық екілдіктердің басшылары, президенттікке үміткер болғандар, саяси партиялардың басшылығы, Республикалық және аймақтық қоғамдық штабтардың мүшелері, қоғамдық ұйымдардың және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, іскер топтар өкілдері, көрнекті ғалымдар, мәдениет және өнер қайраткерлері, жастар ұйымдарының жетекшілері қатысты.

“ЖЖ” ақпарат

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзі

Құрметті Отандастар!
Ханымдар мен мырзалар!
Қадірлі қонақтар!

Биыл халқымыз үшін айрықша маңызды жыл болды. Қазақстан дамуың жаңа дәуіріне қадам басты. Біз түбегейлі бетбұрысқа жол ашқан ауқымды өзгерістер жасадық. Конституциялық реформаны жүзеге асырдық. Мемлекетіміздің ең басты салаларын жан-жақты жаңғырттық. Соның арқасында халықтың болашаққа деген үміті артып, сенімі нығая түсті.

Мен аймақтарды аралап, тұрғындармен кездескенде бұған айқын көз жеткіздім. Сондай-ақ өткен референдум тың бастамаларды жұртымыздың жаппай қолдайтынын көрсетті. Халықтың дұрыс бағыттағы өзгеріске ұмтылысы жұмысқа зор серпін берді. Біз реформаларды соңына дейін міндетті түрде жеткізіміз қажет.

Конституцияның жаңа талабына сәйкес бұдан былай Президент жеті жылдық бір мерзімге ғана сайланады. Осылайша, саясаткерлердің жаңа буын билік басына келе бастайды. Мен осы шешімнің дұрыс болғанына көміл сенемін. Конституцияға сәйкес билік тармақтары түгел жаңғыртылады. Осындай жаңа саяси маусымды Президент сайлауы бастап берді. Сайлау науқаны 3 айға жуық уақытқа созылды. Осы кезеңде еліміздің болашағы туралы түрлі мазмұнды пікірталастар болды. Жұртымыз өз болашағына бейжай қарамайтынын көрсетті. Азаматтық қоғамның кемел институтқа айналғаны айқын аңғарылды. Саяси алаңға жаңа тұлғалар шықты. Осылайша халқымыз 20 қарашада өз таңдауын жасады.

Сайлау әділ әрі ашық өтті. Бұл — байқаушылардың, сарапшылар мен журналистердің берген бағасы. Ел-жұртың белсенділігі ерекше жоғары болды. Кейбір азаматтар бүкіл отбасымен келіп, дауыс берді. Бұл науқан ел мүддесі үшін ұлт болып біріге алатынымызды көрсетті. Бабаларымыз қай заманда да бірлігін бөрінен биік қойған. Біз ата жолын сақтап білген, заманауи және өркениетті ел екенімізді бүкіл дүние жүзіне паш еттік. Бірлігіміздің бекемдігін тағы да дәлелдей



алдық.

Осы сайлауда жұртымыз маған зор сенім білдірді. Шын мәнінде, ел сенімін еш нәрсемен өлшеу мүмкін емес. Халықтың сенімі — ең құнды нәрсе. Сайлау нәтижесін халқымыздың саяси бағдарыма — бағасы, алдағы жоспарыма — батасы деп қабылдаймын.

Халқының қолдауына ие болып, ел тізгінін ұстау — ең биік мәртебе әрі орасан зор жауапкершілік. Алдағы 7 жылды бүгінгі буынның және келешек ұрпақтың алдындағы борышымды өтеуге берілген бірегей мүмкіндік деп білемін.

Қазақ «аманат» деген асыл ұғым бар. Халқымның сенімі — маған аманат. Осы аманатқа адал болу — мен үшін қасиетті парыз. Ел үмітін ақтап, Қазақстанды өркендеген, бақуатты мемлекетке айналдыру үшін қолымнан келгеннің бәрін жасаймын.

Сайлауға қатысқан барша жұртқа ризашылығымды білдіремін. Науқанға

атсалысқан қауымға, байқаушылар мен журналистерге зор алғыс айтамын. Президенттікке кандидаттарға да құрметімді білдіремін. Сайлауда саяси партиялар және қоғамдық ұйымдар маңызды сәтте жұдырықтай жұмыла алатынын көрсетті. Осы ретте мені президенттікке ортақ кандидат ретінде ұсынған халық коалициясы мүшелеріне рахметімді айтып келеді.

Мен өзіме дауыс берген азаматтардың ғана емес, бүкіл Қазақстан халқының алдында есеп беретін болдым. Қазақ «Байлық не керек, адалдан жимасаң, билік не керек, әділдік құрмасаң» деген сөз бар. Бұл — бұлжытпай ұстанатын өмірлік қағидатым.

Мен бүгін көк туды сүйіп, дана халқымның алдында бас иідім. Азаттық жолында құрбан болған бабалар рухына тағзым еттім. Еліміздің арман-мұратына өмірбақи адал болуға серт бердім. Ешқашан адалдықтан аттамауға және ел мүддесіне

қиянат жасамауға ант еттім. Ата заңға қолымды қойып, оның әр сөзін мүлтіксіз орындаймын. Халқымның алдындағы осы антым алдағы қызметіме Мен үшін аянымас темірқазық болады.

Құрметті отандастар!

Өткен Президент сайлауы нағыз патриоттық шара болды. Сайлау азаматтарымыздың ел тағдырына бейжай қарамайтынын көрсетті. Бұл әділдік идеясының және халықтың ерік-жігерінің салтанат құрғанын, елімізді жан-жақты жаңғырту үдерісі басталғанын білдіреді.

Сайлау Қазақстандағы электоралды процестің ашықтығы мен әділдігін жаңа деңгейге көтерді. Сондай-ақ біздің қоғамның саяси мәдениеті мен кемелдік дәрежесі жоғары екенін танытты. Халық сайлау учаскелерінде алдағы жеті жылға арналған мемлекетті дамыту бағдарламасына оң баға берді. Маған сенім артқан барша отандасыма шексіз ризашылығымды білдіремін. Президент лауазымында елімізге адал қызмет етуге дайынмын. Бұл — зор абырой әрі үлкен жауапкершілік. Мен үшін мемлекет мүддесі бөрінен биік. Алдағы жеті жылда халықтың зор сенімін ақтау үшін бар күш-жігерімді жұмсаймын.

Енді біздің ортақ мақсатымыз — заң мен тәртіп үстемдік құратын, азаматтардың құқығына лайықты құрмет көрсетілетін Әділетті Қазақстанды құру. Қоғамды трансформациялап, Қазақстанды шынайы демократиялық институттары дамыған елге айналдыру үшін ауқымды жұмыс атқаруымыз керек. Сонда ғана ұлттың жаңа сапасын қалыптастырып, қастерлі тәуелсіздігімізді нығайтамыз.

Қазір біз осы қиын-қыстау жолдың басында тұрмыз. Алдымызда атқаратын жұмыс көп. Әрбір азамат елдің болашағы үшін өз жауапкершілігін сезінуге тиіс. Мемлекеттік саясатымыздың негізгі бағыты — білім беру ісінен бастап индустрияландыруға дейін қоғамның барлық саласын жаңғырту. Еліміздің ұзақ мерзімді экономикалық өсімінің негізін жаңа технологиялар, жоғары өнбек өнімділігі, азаматтардың шығармашылық бастамалары құрайды.

2 →



Қос ауылда қордаланған мәселелер шешімін табады

Өткен аптада аудан әкімінің ауылдарға сапары Темірбек Жүргенов ауылында жалғасты. Бұл — аудандағы ауыл шаруашылығы дамыған ауыл. Халқының саны жағынан да көп ауылдардың алдында тұр, 1 700 тұрғын бар. Ауылда мектеп, емхана, клуб үйі қызмет көрсетеді. Кеңес кезеңінен бері іргесі сөгілмей, жеке тұлғаларға сатылып кетпей, бүлдіршіндерге тәрбие беріп келе жатқан екіқабатты балабақша да бар.

Ауылда қазірде ірілі-ұсақты 12 шаруашылық заңды тіркелген. Оның 3-еуі мал шаруашылығын өркендетуді қолға алған. Бірақ барлығы да жұмыстарың жүйелі жүргізіп отыр. Соның ішінде «Ер-Әлі», «Құрманбай ата» шаруашылықтары іріленген. Аяқ су тапшылығының алдын алу мақсатында ең алғаш егісті әртарап-тандыру жүйесіне көшкен де осы ауылдағы «Ер-Әлі» шаруашылығы.

Аудан басшысы әдеттегідей Темірбек Жүргенов атындағы ауылдың тұрғындарына ауданда атқарылған жұмыстар туралы есебін беріп, алдағы жүзеге асатын жобалармен таныстырды. Содан соң ауыл халқының ұсыныс-пікірлері мен талап-тілектеріне ден қойды. Жыын барысында сөз алған ақсақалдар қазірде ауылда жүйелі жұмыс жүріп жатқанын, ауызбіршіліктің нәтижесінде берекелі тірліктің бар екенін жеткізді. Алайда басқа ауылдардағыдай аяқ су мәселесі бұл ауылда да айналып өтпейді. Егің, мал шаруашылығының барлығы аяқсуға тәуелді. Су болмаса, егістікте өнім жоқ,

шабындықта, жайылымдық жерлерде шөп жоқ. Бірақ жоғарыда айтқанымыздай, ауылдағы шаруашылықтар бұл қиындықтарды да ақырындап өңсеріп келе жатыр деуге болады. Мәселен, «Ер-Әлі» шаруа қожалығының төрағасы Әліби Бекжанов жыл сайын суды көп қажет ететін күріш алқабының көлемін қысқартып, оның орнына тамшылатып суару әдісімен өсірілетін картоп, қызылша және басқа да бақша дақылдарын қолға ала бастады. Нәтижесіз емес, ойдағыдай өнім алып отыр.

Ауыл тұрғындары атынан аудандық мәслихаттың депутаты Әліби Бекжанов аудан басшысына осы аяқ суға байланысты түйінді қозғады. Атап айтсақ, егістікке тікелей су өкелетін Мырзабай тоғанындағы трубаларды кеңейтіп, судың ерікін өтуіне мүмкіндік жасалса деген ұсынысын жеткізді. Сонымен бірге тұрғындар тарапынан ауылдағы электр желілерінің ескіруі салдарынан жарықтың жиі сөнетіні айтылды.

Ауыл халқының ұсыныс-пікірлерін

тыңдаған Асқарбек Темірбекұлы көтерілген мәселелердің барлығы қаперге алынатынын және өз кезеңімен шешімін табатынын жеткізді. Ал мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Қараұлының дүниеге келіп, өсіп-өнген ауылындағы 8 көшені күрделі жөндеуден өткізудің жобасметалық құжатына тиісті қаржы бөлінгені, сонымен бірге Темірбек Жүргенов атындағы саябақ құрылысына 67 млн теңге қаржы қаралып отырғаны ауыл халқын қуантты. ТҮРКСОЙ ұйымы келер жылды — түркі әлемінде «Темірбек Жүргенов жылы» деп жариялады. Ендеше қазаққа ғана емес, Орта Азияға ортақ тұлға өз туған топырағы осындай құрмет көрсетіп, перзентін ұлықтауы көрегендік.

Дәл сол күні түстен кейін аудан әкімінің жұмыс сапары Мәдениет ауылында жалғасты. Мұнда да ауылдық клуб жергілікті тұрғындарға толы. Олай болатын реті де. Ауылда аудан басшысы Асқарбек Есжанов елді мекен халқымен кездесіп, атқарылған жұмыстарды саралап, алдағы мақсат-міндеттерге кезек берді. Бір сәт

елдің талап-тілегіне де құлақ түрді.

Мәдениет бұрын ат ізін салмаған ауылымыз емес. Аудан басшыларының есепті кездесулерінде талай болдық. Сонда ауданға қарасты 14 ауылдық округтің ішінен өсіресе Мәдениетте көп мәселе айтылатын. Бұл жолы бұлай болмады. Ардагерлер жарық, аяқ су секілді біршама мәселені сөзіне арқау етті. Асқарбек Темірбекұлының жауабынан кездесуде көтерілген мәселелердің алдағы жылы шешімі табылатынын аңғардық.

Иә, Мәдениетте алдағы жылы біршама жоба жүзеге асады. Жаңағы жиында халық көтерген аяқ су мәселесіне жұмыс жасалады, бұл бір. Мұнан бөлек ауылдағы ауыз жүйесі кеңейтіледі. Ал халық айтқан көшелердің жарық мәселесі де 2023 жылы шешімін табады. Тіпті Асқарбек Есжанов келер жылға ауыл өкіміне халықпен ақылдасып, жарық жүргізуге ең үлкен көшелеріңізді ұсыныңыздар дейді. Алдағы жылы ауылдағы 3 көшенің сапасына қатысты сметалық құжаттың әзірленетіні де мұндағы елдің өңесінен бір көтерді. Ал жарық, аяқ су, жол, жалпы тоқсан сайын халық көтерген мәселелер шешімін тауып жатса, ел де риза ғой. Бүгін мәдениеттіктердің аудан өкіміне алғыс айтып, жұмысына жоғары баға бергені де сондықтан.

Қуат АХЕТОВ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзі



Басты міндет – іскер азаматтарымыздың кәсіпкерлік рухына зиянын тигізетін жасанды кедергілер мен шектеулердің бәрін жою. Кәсіпкерлер бизнеске жүргізілетін себепсіз тексерулерді біржолата ұмытты қажет. Олар тек салық органдарының алдында ғана есеп береді. Мемлекет пен бизнес – сенімді серіктестер. Шағын және орта бизнестің дамуына заңсыз кедергі келтіретіндердің бәрі заңға сәйкес қатаң жауапқа тартылады.

Біз ауқымды индустрияландыруды, инфрақұрылымдарды салуды және жаңғыртуды қолға аламыз. Кең байтақ еліміздің әр өңірінің дамуына тиім серпін беру маңызды. Шынайы заң үстемдігін қамтамасыз етпей, әділетті әрі нарықтық экономиканы құру, жеке меншікті қорғау, бәсекелестікті дамыту, сыбайлас жемқорлықты жою мүмкін емес. Сондықтан заң алдында бәрінің тең болуы – мемлекетіміздің ұзақ мерзімді дамуының негізгі шарты. Барлық мәселе, әсіресе түйткілді және диалог проблемалар конструктивті диалог арқылы, ең алдымен, Парламентте шешілуге тиіс. Алдағы Сенат және Мәжіліс сайлауы осы мүмкіндікті береді.

Біз «түрлі көзқарас, бірақ біртұтас ұлт» қағидатын қатаң сақтауымыз керек. Біз «бірлігіміз – әралуандықта» формуласында көрініс тапқан халқымыздың тарихи жетістіктерін жан-жақты есептеуге тиіспіз. Қоғамда араздық туғызатын және ұлттың бірлігін бұзатын, түптеп келгенде, мемлекетімізге қарсы бағытталған арандатушылық әрекеттерге қатаң тосқауыл қойылады.

Біз халықтың тілегі мен заман талабына сай тиімді мемлекет құруға міндеттіміз. Бұл – маңызды тарихи міндет. Мемлекеттік қызметке нақты сектордан меритократия және ашық бәсекелестік қағидаттарына сай іріктеуден өткен жаңа басқарушы азаматтарды аламыз. Президенттік кадр резервінің мүшелерін белсенді түрде тартамыз.

Біздің басты байлағымыз – адам. Сондықтан азаматтардың игілігі үшін барлық жағдайды жасау аса маңызды. Еліміз даму жолында, негізінен, өз күшіне сенеді. Сонымен қатар шетелден тікелей инвестиция тарта отырып, түрлі саладағы халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде дамытады.

Қазақстан өз ұлттық мүддесін қорғауға бағытталған теңгерімді және конструктивті сыртқы саясатын жүзеге асыруды жалғастырады. Ресеймен, Қытаймен және Орталық Азиядағы бауырлас мемлекеттермен, интеграциялық бірлестіктер жөніндегі серіктестермен арадағы өзара тиімді ынтымақтастық пен стратегиялық әріптестік мәселелері басты назарда болады. АҚШ-пен, Еуропалық Одақпен, Азия, Таяу Шығыс және Кавказ мемлекеттерімен, сондай-ақ басқа мүдделі елдердің барлығымен көпжақты ынтымақтастықты дамыту үшін бар күш-жігерімізді жұмсаймыз. Қазақстан қазіргі халықаралық құқық пен БҰҰ Жарғысын берік ұстанатын ел болып қала береді.

Қымбатты отандастар!

Біз әділетті мемлекет, әділетті экономика және әділетті қоғам құрамыз. Осы қағидаттар менің сайлау алдындағы туғынамада нақты көрініс тапты. Мен оның әр сөзіне, әр сөйлеміне терең мән бердім. Сайлаудың бағдарламам – бұл ұзақ ой-толғау мен ізденістің нәтижесі. Тіпті, жүрегімнен шықты десем, артық айтқандық емес. Халықтың бастамаларға қолдау білдіріп, үлкен үміт күтіп отырғанын білемін. Туғынамамын әрбір тармағы толық орындалуға тиіс. Мен ол үшін барлық күш-жігерімді жұмсаймын. Осыған байланысты арнайы Жарлыққа қол қоямын. Бұл Жарлық нақты іс-шаралардың жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Бағдарламамың мүлтіксіз орындалуын жеке бақылауыма аламын.

Қазір – сайлаудағы жеңісті тойлайтын кез емес, аялбай еңбек ететін кез. Сол себепті арқаны кеңге салмай, бірден іске кірісуіміз керек, босаңсуға болмайды. Осы орайда ең алдымен,

қолға алатын бірнеше мәселеге арнайы тоқталғым келеді.

Мен сайлауалды сөздерімде ауылды өркендету ісіне баса назар аудардым. Бүгінде Қазақстан халқының 40 пайызға жуығы ауылда тұрады. «Ауыл – ел бесігі» деп халқымыз бекер айтқан жоқ. Сондықтан ауылдағы жағдайды жақсартса алмасқақ – бәрімізге сын. Сол үшін мен бүгін ауылды дамыту мәселесі туралы Жарлыққа қол қоямын. Осы құжат арқылы Үкіметке ауылды дамытудың 5 жылға арналған нақты жоспарын әзірлеуді тапсырамын. Бұл менің жаңа президенттік мерзімдегі бірінші Жарлығым болады. Үкімет ауылды дамытуға арналған барлық жобаны жүйелі түрде реттеп, жинақтауға тиіс. Содан кейін мақсатты түрде тиімді жұмыс жүргіземіз.

Келесі маңызды бағыт. Біз әділдікті қалпына келтіріп, елден заңсыз шығарылған барлық активті қайтаруға тиіспіз. Бұл үшін Үкімет заңсыз шығарылған капиталды қайтару үшін қажетті рәсімдерді реттейтін заң жобасын әзірлейді. Сонымен қатар заң жобасы әділетсіз баюға және активтерді заңсыз шығаруға ықпал ететін себептер мен шарттарды жоюға бағытталады. Қайтарылған барлық қаражат азаматтардың игілігіне жұмсалуға тиіс. Бұл қаржыны жоғары технологиялы өндіріс орындарын ашуға, мектептер мен ауруханалар салуға, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға пайдалану керек. Тиісті Жарлыққа бүгін қол қоямын. Жақын арада ауқатты кәсіпкерлер халықтың игілігі үшін өздерінің әлеуметтік жауапкершілігін жандандырады деп ойлаймын.

Мемлекеттік құрылыста біз «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласын нақты ұстанамыз. Президент сайлауы

жұмыс емес, бірақ елге пайдасы тиетін қызмет. Мен бүкіл мемлекеттік аппараттан осы міндетті абыроймен орындауды талап етемін.

Қолынан іс келетін және елге беріле қызмет жасайтын азаматтарға ғана ортамызда орын бар. Оларға қолдау көрсетеміз, ал қоғам құрметін білдіреді. Халқымыздың нақыл сөзін сәл түрлендіріп айтсақ: «Байлық пен мансап – қолға ұстаған мұз, ериді де кетеді. Ал елге жасаған қызмет – артта қалған із, ол ұрпақтан ұрпаққа жетеді». Осыны әр азамат түсінуі керек.

Ел мүддесі – бәрінен биік. Мен барлық мемлекеттік қызметшіден өз жұмысын адал атқаруды талап етемін. Бір сөзбен айтсам, кәсібилік, адалдық және қарапайымдылық біздің басты қағидаттарымыз болуға тиіс. Қоғамда жаңа құндылықтар орнықтырып, жақсы қасиеттерге ие бола алмасқақ, реформаның бәрі бекер.

Көк байрағымыз, төлқұжатымыз және мемлекеттік тіліміз біздің біртұтас халық екенімізді білдіреді. Бабаларымыз біртұтас ел болып, Еуразия төрінде даңқты шежіресін ат тұяғымен жазған Алтын орда мен Қазақ хандығы сияқты мемлекеттер құрған. Сондай-ақ халқымыз ел басына күн туған күрделі сәттерде азаттығы үшін арпалысты. Әйгілі хандарымыздың, батырларымыздың және ұлт қайраткерлерінің өрлігі – осының айқын көрінісі.

Ұлттық бостандық жолындағы табанды күресінің арқасында Қазақ елі тәуелсіздігін алды. Егемен мемлекеттің құрылуына, оның іргесін бекіту жолында орасан зор еңбек сіңірген тарихи тұлғаларымызға әділ баға беруіміз керек.

Табыстарды және оқпылықтарды ажырататын бұл – уақыт және тарих. Уақыт – ең әділ қазы, ал тарих – бә-

штурвалына отырады, құтқарушының қорғаныс киімін киеді, науқасқа жедел жәрдем беруге асығады, әскери техниканы меңгереді. Нағыз батырлар балаларымыз бен қарт ата-аналарымыздың дастарханы ас-ауқатқа толы болуы үшін ауылда таңменталасаянады. Біздің батырлар – өзінің жеке кәсібін бастайтын жұмыс орындарын ашатын, қызметкерлері мен олардың отбасыларына жаңа мүмкіндіктер тудыратын кәсіпкерлер. Біздің батырлар – өзінің махаббаты мен күш-қуатын, тәжірибесі мен білімін, мүлкі мен қаражатын қоғамға риясыз ұсынатын еріктілер мен игі іс жасайтындар. Олардың барлығы – халықтың мақтанышы әрі үміті. Міне, осындай еңбек адамдары – еліміз бен мемлекетіміздің тірегі.

Біз өркениеттің алғы шебіндегі мемлекетке айналу үшін тек үйренетін емес, өзгерге үйрететін ұлтқа айналуымыз қажет. Сондай-ақ тек тұтынушы емес, жаңа дүниені өндіруші ұлт атануымыз керек. Оған халқымыздың әлеуеті, дарыны, қарым-қабілеті жетеді.

Мен біздің жастарымыздың ұшқыр және озық ойлы екенін мақтан етемін. Сол себепті Мағжан ақынның «Мен жастарға сенемін» деген сөзін үнемі айтамын. Шын мәнінде, бізміз жастарымызды қолдауымыз керек. Өйткені өскелең ұрпақ қана елімізді жарқын болашаққа бастайды. Бірақ жастар жетістікке жету үшін көп еңбектенуі керек. Жаңа білім алуға, тың тәжірибе жинауға ұмтылған жөн. Сонда жастарымыз өз кәсібінің хас шебері атанады. Әрдайым сұранысқа ие болады, қоғамда сыйлы болады. Міне, осылай өмір сүрген адам ешқашан, ештеңеден ұтылмайды.

Қазіргі заман уақытты жылдам-дап, оқиғалар тізбегін қабақтастырады. Сөзіміз бен ісіміздің шынайы бағасын тарих таразысы ғана береді. Ар-ұжданымыздың тазалығы мен халқымыздың құрметі – бізміз үшін үлкен сый.

Біз – рухани мұрасы бай, қарқынды даму әлеуеті зор, қуатты әрі өзін-өзі толық қамтамасыз ете алатын ұлтпыз. Шығыстың ұлы ұстазы Әл-Фараби адамдарды әділ болуға, ақиқатты сүюге, ар-намысты қастерлеуге, сабырлы болуға және қашан да білімге ұмтылуға үндеді. Мемлекеттілігіміздің дамуында қуатты серпіліс жасай алған ұрпақ ретінде тарихта қалуға зор мүмкіндігіміз бар екеніне сенімдімін. Елдің келешегі бізге, барлығымыздың қажырлы еңбегімізге байланысты.

Тәуелсіз елімізді қуатты мемлекет ретінде ұрпаққа аманаттау – біздің борышымыз. Алда талай сынақтар, күрделі кезеңдер болуы мүмкін. Дегенмен ырысты ынтымағымызды сақтай білсек, алынбайтын асу жоқ.

Мен бүгін халқымның алдында



биліктің барлық негізгі институтын дәйекті түрде жаңғырту үдерісін бастауға жол ашты. Сайлау ауқымды электралды циклдің бастапқы кезеңі болды.

Біз саяси жаңғыру үдерісін жоспарлы түрде жалғастырамыз. Бүгін мен «Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарының сайлауын тағайындау туралы» Жарлыққа қол қоямын. Осылайша, жоғарғы палата депутаттарының кезекті сайлауы конституциялық реформаны нақты жүзеге асырудың жалғасы болмақ. Сайлау қорытындысы бойынша Сенаттың депутаттық корпусының бір бөлігі бәсекелестік және ашықтық қағидаттары негізінде жаңарады.

Бұдан бөлек, бүгін мен конституциялық реформаны жүзеге асырудың келесі сатысы ретінде «Қазақстан Республикасы Жоғарғы аудиторлық палатасының кейбір мәселелері туралы» Жарлыққа қол қоямын. Келесі кезең – оны толыққанды трансформациялау. Басқа маңызды әрі өзекті мәселелер бойынша шешімдерді кейінірек жариялаймын. Тағы да қайталап айтамын, алда атқаратын шаруа көп. Бұл – жеңіл

ріне таразы. Сондықтан саяси науқаншылдыққа жол бермеуіміз қажет. Біз болашақта әділетті мемлекет боламыз десек, өткенге әділдікпен қарап, одан тағылым ала білуіміз керек. Жақсыдан үйреніп, жаманнан жиыну – есетін елдің белгісі. Отаншылдық, еңбекқорлық, білімпаздық, жаңашылдық, жасампаздық, жана-шырылық, мейірімділік сияқты асыл қасиеттерді бойға сіңіруіміз қажет. Мен бұл туралы жиі айтып жүрмін.

Әділетті Қазақстанда еңбек адамына ерекше құрмет көрсетілуі тиіс. Әсіресе ұстаз, дәрігер, тәртіп сақшысы, құтқарушы, жұмысшы, шаруа сияқты мамандардың мәртебесін одан әрі арттыра түсуіміз қажет. Олар еліміздегі ең сыйлы азаматтарға айналуы керек. Осы кәсіп иелері тиісті құрмет пен сыйға ие болғанда ғана, қоғамымыз шынымен жаңарды деп айта аламыз.

Көпшілік қазіргі уақытта нағыз батырлардың жетіспейтінін айтады. Бірақ нағыз қаһармандар жұрттың назарынан тыс жерде. Олар біздің арамызда. Батырлар күн сайын зауыт станогында жұмыс істейді, қоғамдық көлік жүргізеді, ұшақ

тұрып, бастаған ісіміз берекелі болсын деп тілеймін.

Қазақ – ырымшыл халық. Мен биыл қасиетті Меккеге барған кезде Қағба төрінде ата-баба рухына құран бағыштап, Алладан бір-ақ нәрсе сұрадым. Ол – елдің амандығы. Шын мәнінде, еліміз аман болса, жеріміз бүтін, бірлігіміз бекем, мемлекеттілігіміз мәңгі болады. Осы құндылықтарды мызғымастай етіп бекіту – қазақтың перзенті, Қазақстанның Президенті ретіндегі менің қасиетті парызым. Ашығын айтқанда, қызмет – уақытша, ал халық – мәңгі.

Мен президенттік миссиямды халқымен бірге алдағы жеті жылда абыроймен атқарып шығамын деп сенемін. Біздің Отанымыз – бір, мемлекетіміз – бір, халқымыз – бір! Сондықтан ерқашан бірге болайық, ағайын!

Еліміз өркендей берсін! Отанымыз – Қазақстан Республикасы жасасын!

Халқымыз жасасын! Халқымыз ерқашан аман болсын! Тәуелсіз Қазақстанымыз жасасын!

Пікір

Еліміздегі соңғы жылдары болып жатқан өзгерістердің барлығы дерлік ел игілігі үшін жасалып жатқан жүйелі істер деп білеміз. Оның ішінде кешегі кезектен тыс өткен Президент сайлауын ерекше айтып өтуге болады. Саяси науқанда барша қазақстандықтың белсенділік танытуы еліміздегі саяси өзгерістерді халықтың қолдайтынын білдіреді. Ал оң өзгерістерге халықтың көзқарасы дұрыс болса, онда мемлекет алдында тұрған аса ауқымды істерді де бірлесі отырып жүзеге асыратынына сенеміз.

Ел мүддесі бәрінен биік

20 қараша күнгі саяси науқаннан соң бірнеше күнді артқа тастап, елорда төрінде Ел Президентін ұлықтау рәсімі өтті. Ауданнан барған делегат мүшелерінің қатарында болғандықтан, осы бір тарихи сәтті көзбен көру маған да бұйырды. Барша Қазақстан халқының алдында ел үшін адал қызмет етуге ант берген Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев егемен елдің тізігін ұстай отырып, бұдан да қуатты мемлекетке айналдыру жолында жұмыс жасалатынын жеткізді.

Иә, расымен Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен бұған дейін де жарқын болашаққа нық қадамдар жасалған еді. «Жаңа Қазақстанды» құрамыз деген Мемлекет басшысының Президент сайлауын өткізуінің өзі осы «Жаңа Қазақстанға» жасалған алғашқы қадам деуге әбден болады. Саяси науқан арқылы қазақстандықтарға елдің ертенін сеніп тапсырар тұлғаны таңдауға мүмкіндік жасалды. Нәтижесінде елдің басым дауысымен Ел Президенті атанған Қасым-Жомарт Тоқаевқа бүтіндей ұлттың үкілеген үміті мен селкеусіз сенімі артылды.

Ұлықтау рәсімінде ант берген Қасым-Жомарт Кемелұлы халыққа Үндеу жасады. «Бүгінде Қазақстан халқының 40 пайызға жуығы ауылда тұрады. «Ауыл – ел бесігі» деп халқымыз бекер айтқан жоқ. Сондықтан ауылдағы жағдайды жақсартса алмасқақ – бәрімізге сын. Сол үшін мен бүгін ауылды дамыту мәселесі туралы Жарлыққа қол қоямын. Осы құжат арқылы Үкіметке ауылды дамытудың 5 жылға арналған нақты жоспарын әзірлеуді тапсырамын. Бұл менің жаңа президенттік мерзімдегі бірінші Жарлығым болады. Үкімет ауылды дамытуға арналған барлық жобаны жүйелі түрде реттеп, жинақтауға тиіс. Содан кейін мақсатты түрде тиімді жұмыс жүргіземіз» деген Президент тәуелсіз елімізді қуатты мемлекет ретінде ұрпаққа аманаттау баршамызға міндет екенін жеткізіп, алда талай сынақтар, күрделі кезеңдер болуы мүмкін екенін де жасырмады.

Қысқасы, нақты жоспар, ауқымды жұмыс жарқын болашақ үшін. Ал осы жолда бізге тек бірлік пен тұрақтылықты сақтау керек. Себебі Президент айтқандай, ел мүддесі бәрінен биік. Бүгінгі жасалған әрбір қадамымыз алдағы уақытта ел игілігіне жұмыс жасайтын болады.

Гүлзат ҚҰРМАНБАЕВА,
аудандық мәслихат хатшысы

Халықтың келешекке сенімі нығайды

Жуырда ғана кезектен тыс сайлау өтіп, ел тұрғындары өз таңдауын жасады. Меніңше, Қазақстан Республикасының Президенті сайлауында халық таңдау жасаудан жаңылған жоқ. Нәтижесінде, сайлауға түскен үміткерлердің ішінен Қасым-Жомарт Тоқаев 81,31 пайыз басым дауыс жинап, жеңіске жетті. Өйткені еліміздің келешегіне, ұрпағының болашағына алаңдаған халықтың барлығы Қасым-Жомарт Кемелұлына үлкен сенім артты. Ал ел сенімі қай кезеңде де Мемлекет басшысына үлкен жауапкершілік жүктейді. Елордада өткен Қазақстан Президентін ұлықтау рәсімінде Президент Конституцияны ұстап, Туды сүйіп, халық сенімін ақтауға ант берді.

Мен де аудан және облыс орталығындағы әріптестеріммен бірге арнайы Астана қаласына барып, осы тарихи сәттің куәсі болдым. Әрине еліміздің төрінде өткен өте маңызды шарадан алған әсерім зор. Әйтсе де маған Президентті ұлықтау рәсімінде ерекше әсер қалдырған бір көрініс: Қасым-Жомарт Кемелұлы мінберге шығып келе жатқанда бала кезімізден кейін естімей кеткен Қазақстанның көрнекті композиторы Ләтіф Хамидидің рухы, екпінді «Отан» деген әнінің шырқалуы болды. Бұл ән Отаным деп соққан абзал жүректің дүрсіліндей естілді маған.

Рәсім барысында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы: «Мен бүгін «Ауылды дамыту туралы» Жарлыққа қол қоямын» деді. Мен ойлаймын, Президенттің бұл сөзі мені ғана емес, бүкіл қазақстандықтарды қуантты. Өйткені ел тұрғындарының көбі ауылда өмір сүреді. Мен де ауылда туып-өстім. Барлық қазақтың түп-тамыры ауылда жатыр. Сондықтан ауылдардың әлеуметтік ахуалы жақсарып, заманға сай өркендеп жатса неге қуанбасқа! Ауылды дамыту арқылы қаланы да өркендете аламыз. Ауылдан өндірілетін ауыл шаруашылық өнімдерінің негізгі және тұрақты тұтынушылары қала тұрғындары. Сол себепті ауылды дамыту мемлекеттің қуатын арттырудың алғы шарттарының бірі деп ойлаймын.

Қасым-Жомарт Кемелұлы өз сөзінде «Ашығын айтқанда, қызмет – уақытша, ал халық – мәңгі. Мен президенттік миссиямды халқымен бірге алдағы жеті жылда абыроймен атқарып шығамын деп сенемін. Біздің Отанымыз – бір, мемлекетіміз – бір, халқымыз – бір».


Шын мәнінде, еліміз аман болса, жеріміз бүтін, бірлігіміз бекем, мемлекеттілігіміз мәңгі болады. Осы құндылықтарды мызғымастай етіп бекіту – қазақтың перзенті, Қазақстанның Президенті ретіндегі менің қасиетті парызым. Мен халық үшін қолымнан келгеннің бәрін жасаймын» деді.

Осы сөздер күллі халықтың көңілін толқытты деп ойлаймын. Астанамызда өткен шарадан үлкен әсермен, үмітпен қайттық. Мен де еліміздің келешегіне сенемін. Енді біз халық болып тұтасып, Президенттің айналасына топтасып, қолдау көрсетуге тиіспіз. Сонда ғана әділетті, жаңа Қазақстан құруға үлес қосамыз.

Қаншагүл МҰСТАФАЕВА,
«AMANAT» партиясы
аудандық филиалының
атқарушы хатшысы

3 ҚҰЖАТ

Тағылым



Мақаламыз 40 жылдан астам қаржы саласында абыройлы еңбек етіп, ел дәулетін тасытып, адал қызметінің арқасында туған жерге туын тігіп, халықтың ықыласы мен алғысына бөленген Сыр бойының біртуар азаматы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген экономисі, аймақтың білікті қаржыгері, профессор Камал Шөкенов жайлы болмақ. Өмірінің жасындай жарқылдаған елеулі сәттерін ел экономикасын көтеруге арнаған абзал азамат бүгінде көзі тірі болғанда ғибратты бейнесімен 80 жасқа толған болар еді. Алайда туған жерінің тұғырын көтеруге, елді өркендетуге бүкіл өмірін сарп еткен абыз ақсақалдың есімі ел тарихында алтын әріптермен жазылып қалды. “Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған” деп ұлы Абай айтқандай, асыл жанның артында ғибратты да өнегелі қайраткерлік болмысы мен ақыл-парасатқа толы бейнесі қалды. Атақ-даңқтан бөлек ол – қарапайым болмысымен ел-халықтың ыстық ықыласы мен алғыс-батасына бөленген азамат.

Камал Шөкенов 1935 жылы 25 қаңтарда Қызылорда облысының, Жалағаш ауданындағы Қараөткент бекетінде дүниеге келген. Жеті жылдық мектепті бітіріп, 1949 жылы Алматыдағы Қаржы-несие техникумына оқуға түсті. Аталған оқу орнын 1952 жылы бітіріп, жолдамамен Жалағаш аудандық мемлекеттік банк бөлімшесіне қызметке орналасады. 1953-1957 жылдары Ташкент қаласындағы Орта Азиядағы жалғыз қаржы-экономикалық институтын оқып, экономист-бухгалтер деген мамандық алып шығып, Қызылордаға келіп, газетте жарияланған «Облыстық қаржы бөліміне экономист керек» деген жарнаманы оқып, сонда келеді. Мекеменің бөлім меңгерушісі Мерьякупов Уахап жас кадрдың тәжірибелі маман екеніне көз жеткізіп, халық шаруашылығын қаржыландыру бөліміне экономист қызметіне жұмысқа қабылдайды. Еңбек жолын өзінің маңдай терімен қажырлы еңбек етіп дәлелдеген жас жігіт шыңдала береді.

1963 жылы Камал Шөкенов облыстық қаржы бөлімі меңгерушісінің орынбасары - бюджет бөлімінің бастығы болып қызмет атқарады. Қаржы саласының қыр-сырын терең меңгеріп, жауапкершілігі мол қызметтерді асқан абыроймен орындаған білікті азаматқа сенім артқан атқарушы билік 1970 білгір экономисі Қызылорда облыстық

қаржы бөлімінің меңгерушісі етіп тағайындайды.

Сол кездегі тарихи дерекке көз жүгіртсек, сол кездері облыстық партия комитетінің бірінші хатшылары болып Ысханов Мұстахим, Бектұрғанов Хасаң, Әбдікәрімов Исатай, Есетов Тәкей, Әуелбеков Еркін, Шаухаманов Сейілбек, ал халық депутаттары, облыстық кеңесі атқару комитетінің төрағалары болып Асқаров Әбен, Бөкіров Шаймерден, Құбашов Сағидолла, Қалиев Ыдырыс, Евгений Золотарев, Виталий Брынкин, облыс әкімдері болып Шаухаманов Сейілбек, Сапарбаев Бердібек сынды ірі партия, мемлекет қайраткерлері, республикаға еңбегі сіңген белгілі азаматтарымен үзеңгі қағыстырып қызмет атқарыпты.

Жүрегі туған жері деп соққан азамат 1971 жылдан бастап Кеңес одағы тарағанша халық депутаттары облыстық кеңестің депутаты, оның атқару комитетінің ең жас мүшесі, облыстық комсомолдар ұйымының тексеру комиссиясының төрағасы болып сайланып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласыпты.

Халық шаруашылығын қаржыландыружәне несиелендіруде сіңірген еңбегі үшін, қаражат айналысында, тоғызыншы бесжылдық жоспарын орындауда ресурстарды жұмылдырудағы жетістіктері мен қоғамдық жұмыстарға белсене араласқаны үшін бұрынғы Кеңес одағының

«Құрмет белгісі», ал 1981 жылы «Республикаға Еңбегі сіңген экономисі» деген атаққа ие болды. 1985 жылы елу жасқа толуына орай Қазақстан Республикасының ең жоғарғы наградаларының бірі Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің “Құрмет” грамотасымен және «1941-1945 жылдардағы Ұлы Жеңістің 30, 40, 50, 60 жылдығы», «Қызылорда облысына – 70 жыл», «Қызылорда қаласына – 190 жыл» медальдарымен марапатталды.

Кеңес үкіметі тарап, еліміз егемендік алып, экономикамыз нарық қатынасына көшуге бет бұрған тұста, жаңа заңдар қабылданып, қаржы айналымында бұрын бізге түсініксіз экономикалық ұғымдар күнделікті қолданысқа өне бастаған болатын. Білікті қаржыгер өзінің сауаттылығының арқасында елді бұл қиындықтан да алып шықты. Бюджет тапшылығы анық байқалып, тығырыққа тірелген тұста да аймақтың қаржы саласын үнемдеп, керекті орнына бағыттап, ел мүддесін шешуде қыруар жұмыстар атқарылды. Сыр бойының экономикасының іргетасын қалаған азаматтардың бірі ғана емес, бірегейі десек артық айтқандық емес. Бұл – халықтың пікірі. «Халық айтса, қалт айтпайды» деген төмісіл осындайда айтылса керек. Айта берсе, қандай құрметке де лайық ақсақал қолынан қаламы мен қағазы түскенше өзі



сүйген мамандықтан бір сәт қол үзген емес.

1997 жылы ақпан айында Камал Шөкенов зейнет жасында құрметті демалысқа шықса да, ауылға келіп өзіне тиісті қызметін бұрынғыша атқарып жүрді. Оның басшылық қамқорлығымен тәрбиеленген шәкірттері облыс әкімшілігінде, республиканың түкпір-түкпірінде, аудан мен қаланың қаржы салаларында басшылық қызметтерде жұмыс жасауда.

1998 жылдан К.Шөкенов басқарған қазақстандық экономика және құқық институтын, кейін Каспий қоғамдық университетінің филиалынан (аты өзгерген) 540-тан астам талапкер бітіріп шығып, жоғары білімді экономист және заңгер мамандықтарын алып шықты. 2000 жылы қараша айында қазақстандық экономика және құқық институтының ғылыми кеңесінің шешімімен Камал Шөкенұлына профессор атағы берілді.

Ұзақ жылдар облыстың қаржы саласында жемісті еңбек етіп, бүкіл саналы ғұмыры мен қайрат-жігерін аса маңызды да күрделі саланы өркендетуге, сол арқылы Сыр өлінің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан асыл азаматты халқы ардақтап, сексенге толатын сеңгір жасында құрметпен еске алуда. Қазірде 50 жыл отасқан зайыбы Діпара Ибрагимқызы екеуінен ербіген ұл-қыздары мәуелі бәйтеректей өсіп-өніп, өнегелі әкенің отын өшірмей, ынтымақ пен бірлігі жарасқан ордалы отауға айналдырып отыр.

Адал да таза еңбек әрқашан адамды асыл мұратқа жеткізеді, халықтың сый-құрметіне бөлейді. Осы тұрғыда алғанда Камал ағаның шыққан өмір белестері, жүріп өткен еңбек жолдары көпке үлгі-өнеге болары анық. Қамшының сабындай қысқа ғұмырда өмір мұраты да адал еңбекте болса керек.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

Баршамыз асыға күтетін Жаңа жыл мерекесі де таяп қалды. Осы мерекені тойлау кезінде Қытайдан және тағы басқа шет елдерден жеткізілген сертификаты жоқ пиротехникалық жарылғыш, жанғыш заттардың заңсыз сатылып, адам көп жиналатын орындарда, балалардың кез келген жерде бей-берекет атып ойнауы салдарынан өрт оқиғаларына, тағы да басқа қайғылы жағдайларға жол беріліп жатады. Сонымен бірге өздерінің күйік жарақатын алу фактілері кездеседі.

Жаңа жыл мерекесінде қауіпсіздік қаперде болсын

Жаңа жыл – балалар үшін де, ересектер үшін де үлкен мереке. Бұл мейрамның көңілді өтуі үшін барлық сақтық шараларын қарастырып, іске асырған жөн. Шыршаны орнатқанда оның бөлмеден шығуға кедергі келтірмей орналасуын қадағалау қажет. Шыршаны жылу беру батареясының жанына орналастырған қауіпті. Иллюминацияны қосқан кезде бөлмедегі жарықты толықтай өшіруге болмайды.

Мереке аяқталған соң шыршаны үйде ұзақ ұстаудың қажеті жоқ. Кеуіп қалған қылқанның өрт қауіптілігі жоғары болады. Сонымен қатар синтетикалық материалдардан дайындалатын жасанды шыршалардың өрт шығу қаупі бар және олар жанған кезде денсаулыққа қауіпті улы заттар бөлінеді.

Жаңа жылдың бенгал алауы мен өртүрлі мерекелік отшашуларсыз өтпейтіні белгілі. Жаңа жылды тойлау қарсаңында өртүрлі өрт шығу қаупі бар пиротехникалық құралдар қолданылады, олардың салдарынан өрттің шығуы, адамдардың жарақат алуы және мертүгі өбден мүмкін. Мұндай заттарды сатып алғанда бірнеше қағидалы естеріңізде ұстаған жөн.

Пиротехниканың барлық түрі тек далада пайдалануға арналған. Алдымен отшашуға арналған орынды таңдап алыңыз. Мұның кең әрі ашық алаң болғаны дұрыс. Мысалы, ағаштар мен құрылысы жоқ аула, бақ немесе алаң болғаны абзал.

Таңдап алынған жерді мұқият қарап шығу керек, жанында өрт шығу қаупі бар нысандар, автокөлік тұрақтары, ағаш қоралар немесе гараждар 100 метр радиуста болуы тиіс. Отшашу кезінде айналасында түскен жапырақтар мен қылқандар, қураған шөп болмауы қажет, өйткені бұлар көнет үшқын түскен болса, өртенуі мүмкін.

Өткір жел болған кезде желге қатысты қауіпті аймақтың көлемін 3-4 есеге ұлғайту қажет. Көгермендердің қайда болатынын алдын ала ойластырған абзал. Оларға жақсы көрінуін және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек, бұл үшін оларды жел соқпайтын жақтан отшашу алаңынан 35-50 метр қашықтықта оларға жел арқылы түтін мен бұйымдардың жанбаған бөліктері ұшпайтынды етіп орналастыру қажет.

Егер сіздің аулаңыз шағын әрі тар болса, онда петарда, шартылдақ, шығыр сияқты жерге жағылатын түрлерін ғана пайдалану қажет, мұндай жерде жоғары қарай ұшатын отшашу түрлерін тіпті қолдануға болмайды. Оларды тұрғын үйлер мен құрылыстардың қасында мүлде пайдаланбаған дұрыс. Себебі терезеге немесе желдеткішке түсіп, шатырға өтіп, өртке айналуы мүмкін. Ең дұрысы үйден тыс жерге барып пайдаланған жөн. Өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтап, Жаңа жыл мерекесі кезінде өз-өзімізге ұқыпты болайық.

Ғабит ТАЙМАНОВ,
№11 өрт сөндіру бөлімінің
қарауыл бастығы

ЖАЙЫҢ ЖАРЫҚ БОЛСЫН, ЖАН АНА!

Жаныңа жақын адамың жайында өткен шақпен естелік айту қандай ауыр еді. Біз де сондай хәлді басамыздан кешіп отырмыз. Көзің мен көңілің ғана емес, жүрегің жылайды.

Аяулы анамыз Құрманбайқызы Зинекүл сексен алты жасында бақи сапарына аттанды. Өмірден өткеніне қырық күн болыпты. Аяулы жанның жүзін көрмей, сөзін естімей өтіп жатқан күндер біз үшін мәнсіз, мағынасыз секілді. Анамызды бүгін ел болып еске алып отырмыз. Өйткені ол кісі біздің ғана емес, бүгін ауылдың ақылшы анасына айналып еді.

Анамыз Құрманбайқызы Зинекүл 1936 жылы Жалағаш ауданында дүниеге келген. 1954-1956 жылдары Қызылорда қаласындағы медициналық училищеде оқыған. Оқуды бітірген соң әкеміз Тоқсанов Көптілеумен бас қосып, Мәдениет колхозында фельдшер болып жұмыс істеген. Ауылдық жерлерде дәрігердің тапшы кезеңінде жоғары білімді кәсіби дәрігер атқаратын қызметтің барлық жауапкершілігі анамызға жүктеліпті. Бірақ өзіне жүктелген қызметтік міндетін абыроймен атқарды. Әкемізбен бірге алпыс жылдан аса тату-тәтті, бақытты ғұмыр кешті. Он баланы тәрбиелеп өсіріп, «Батыр ана» атанды. Ер азамат – түздің адамы. Әкеміз қамқор көңілмен, әкелік махаббатпен бізді ел қатарынан қалдырмау үшін уақытпен санаспай еңбек етсе, анамыз біздің әр сәттегі іс-әрекетіміз бен қылығымызды күзетіп, тәрбиемізге мән беріп, адамшылық жолында, әр жолында биік болуды үйретті. Шүкір дейміз, әкеміз бен анамыздың өмірі бізге, кейінгі ұрпаққа өнеге болып қалды. Олардың елі үшін жасаған жарқын ісі мен бүгінде біз үшін өсиетке айналған тағылымды сөздерін ұрпақтарына үлгі қыламыз.

Анамыздың мейірім тегіліп тұратын жарқын жүзін сағындық, уақыт өткен сайын аяулы жанның ортамыздағы орны ойсырап біліне бастады. Шүкір, анамыз аз ғұмыр кешкен жоқ және сол ғұмырын абыроймен өткізді. Ұл-қыздарынан немере, шөбере сүйді. Олардың қызығын көрді. Алла пендесіне ғұмыр бергенде оның мерзімін де езі өлшеп-пішеді екен ғой. Бірақ біз тек пенделік арманмен жақындарымыз жанымызда жүре берсе екен дейміз. Мәңгілік дамылдайтын жайың жарық болсын, жан Анашым. Бүгін рухыңа құран бағыштап, сағына еске алдық. Першітелер Алланың құлағына жеткізсін!

Анамыздың қырықжүндік асы осы жылдың 3 желтоқсанында Мәдениет ауылы, Д.Тобаев көшесі №5 үйде берілетінін барша ағайын-туыс, құда-жекекат, жора-жолдасқа хабарлаймыз.

Ажал келсе, түспейді құрық кімге?!
Пәндеде болмас оған ырық мүлде.
Көңілден шер, көзден жас құрмады,
Анажан, сенсіз өткен қырық күнде.

Мәңгілік мекеніне тұрақтадың,
Шүкір, қалды артыңда құрақ, талың.
Жай тауып жатқан шығар жаның ана,
Жанып тұр жағып кеткен шырақтарың.

Еске алушылар балалары, немерелері

Сақтансаң, сақтайды

АИТВ – аса қауіпті инфекция

АИТВ инфекциясы туралы естімеген адам кемде кем. Себебі ЖИТС деген сөздің өзі естіген құлаққа жағымсыз естіледі. АИТВ, ЖИТС сөздерін естігенде адамның бойында қорқыныш пайда болады. АИТВ инфекциясының анықталғанына жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де емі табылмай отыр. АИТВ, ЖИТС-тың жұғу жолы оңай, бірақ одан сауығып кету мүмкін емес. Себебі ағзаға енген АИТВ вирусы өмір бойы адам қанында өмір сүреді. Сондықтан бұл індетке кез келген адамның шалдығуы мүмкін.

Біз АИТВ індетінен өзіміздің жақындарымызды, достарымызды, жалпы тұрғындарды қорғауымыз керек. Ол үшін АИТВ туралы мәліметті толық ұғынуымыз керек. АИТВ індетінің ешқандай емі жоқ екенін естен шығармауымыз керек.

АИТВ індетіне шалдыққандар сауығыпкөтпеседантитретровирусты препараттардың арқасында өмір сүре алады. Антитретровирусты препараттар адам ағзасындағы АИТВ вирусын төмендетіп, өмір сүруін ұзартады. АИТВ вирусы адам ағзасындағы биологиялық сұйықтықтар арқылы жұғады, атап айтсақ, қан, жыныс мүшесінің сұйықтықтары, ананың сүті. Міне, осы аталған сұйықтықтарда жұқтыру қаупі жоғары болғандықтан АИТВ жұқтырудың 3 жолы дәлелденген.



АИТВ инфекциясының жұғу жолдары қалай, енді осы сауалдың түйінін тарқатайық. Ол қан және оның компоненттері арқылы жұғады. Тексерілмеген донор қаны, тіндері. Инъекциялық есірік тұтынушылар бір шприцті бірнеше адам қолданғанда жұғады. Қорғалмаған жыныстық қатынас арқылы да жұғады. Кездейсоқ жыныстық қатынасқа қорғаныш құралдарынсыз барғанда жұғады. Сондай-ақ анадан балаға жүктілік кезінде жұғады. Жүктілік кезінде балаға босану жолы арқылы және емшек сүті арқылы беріледі.

Ал енді АИТВ инфекциясы қандай жағдайда жұқпайды, енді сауалға жауап іздеп көрейік. Ол қол алысқанда, құшақтағанда, ыдыс-аяқты ортақ пайдаланғанда, жөтелгенде, түшкіргенде, суға түскенде жұқпайды.

Жыл сайын 1 желтоқсан Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күні деп бекітілген. Бұл күні әлем бойынша ЖИТС-тен қайтыс болғандарды еске алып, АИТВ мен өмір сүрушілерге қолдау көрсетіліп, түрлі іс-шаралар өткізіледі. Шараның негізгі мақсаты – ЖИТС індетін тоқтату, АИТВ жұқтырғандарды шеттетпей, алаламай, әрі қарай өмір сүруіне қолдау көрсету.

Адамның тұр келбетіне қарап, «АИТВ жұқтырған» деп айта алмаймыз. Себебі АИТВ жұқтырған жағдайда бірден клиникалық көрініс байқалмайды. АИТВ жұқтырған адам өзі де білмеуі мүмкін, себебі 5–10 жылға дейін білінбей жүреді. АИТВ вирусы қанды тестілеуден өткізу арқылы ғана анықталады.

Жұқтыру жолына келсек, бүгінде жыныстық жолмен жұғу алдыңғы



Балғын спортшылар бақ сынады

ЕЛІ ҮШІН ЕҢБЕК ЕТКЕН ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЕСІМІ ХАЛҚЫНЫҢ ЖҮРЕГІНДЕ ТҮЛЕЙДІ, ЖАҢҒЫРАДЫ. ОЛАРДЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ АРҚЫЛЫ КЕМЕЛ КЕЛЕШЕККЕ ЖОЛ АШЫЛАДЫ. ЕСІМІ МЕН ЖАРҚЫН ІСІ, ТАҒЫЛЫМДЫ СӨЗІ ХАЛЫҚТЫҢ ЕСІНДЕ ҚАЛҒАН СОНДАЙ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БІРІ – МӨРӘЛІ ШӘМӨНОВ.

Кеше ауданымызда ауыл шаруашылығының көрнекті ұйымдастырушысы Мөрәлі Шәменовты еске алуға арналған дзюдодан 2006-2007 жылы туылған жасөспірімдер арасында республикалық турнир өтті.

Турнирді аудан әкімі Асқарбек Есжанов ашып, қайраткер тұлғаның өнегелі өміріне кеңірек тоқталды.

– Кейінгі жас ұрпақ алдындағы аға буының үлгі, өнегесін көріп өседі. Бәріміз де жақсыға еліктеп бой түзеп, ойымызды қалыптастырдық. Өріне ауданымызда таудай тұлғасын өзіміз мақтан етіп, кейінгі ұрпаққа ісін үлгі қылатын азамат ағалар аз емес. Олардың жасампаз идеяларын жалғастыру – бүгінгі біздің міндетіміз. Ол үшін алдымен сол тұлғаның өзін ұлықтап, рухына тағзым ету арқылы есімдерін ұрпақ жадында жаңғыртуымыз керек. Бүгінгі спорттық шараның көздеген нәзігі мақсаты да сол. Жастарды спортқа баулу арқылы

физикалық, психологиялық жағынан шынықтырып, отаншыл, елжанды және дені сау ұрпақ тәрбиелеу.

Шәменов Мөрәлі ағамыз – тек ауыл шаруашылығына ғана емес, ауданымыздың жан-жақты дамуына зор үлес қосып, елге еңбегі сіңген көрнекті тұлға, айтулы қайраткер. Екінші дүниежүзілік соғыста жанқиярлық ерлік көрсетіп, елін, жерін жаудан қорғады. Одан соң Германиядағы соғыстан қираған қалаларды қайта қалпына келтіру жылдарында бір қаланың команданты болған ағамыз елге оралған соң өзі туып-өскен топырағының түлеуі, ауданның өркеніетті жолмен жаңа бағытта дамуы үшін білек сыбана қызметке кірісті. Нәтижесінде, кент іші көркейді, гүлденді. Ауданымыздың көшелерінде, сәулеті мен ербір құрылысында ол кісінің қолтаңбасы қалды. Міне, Мөрәлі ағамыздың осындай өнегеге толы өмірі мен

еңбек жолын кейінгі буын білгенде ғана жылда дәстүрлі түрде өтіп келе жатқан бұл спорт додасының маңызы мен мәні арта түсері анық, – деді Асқарбек Темірбекұлы.

Салтанатты рәсімге арнайы қатысқан Қызылорда облыстық мәдениет және спорт басқармасы басшысының орынбасары Асылжан Жаманқұл, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев және Мөрәлі Шәменовтың ұрпақтары сөз алып, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Турнирге еліміздің бірнеше өңірінен балғын спортшылар қатысты. Атап айтсақ, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Маңғыстау, Түркістан, Ақтөбе, Шымкент, Қызылорда облыстары мен Орал қаласынан келген 20 команда, 235 спортшы 9 салмақ бойынша өзара күш сынасты.

Айта кету керек, республиканың түкпір-түкпірінен келген палуандардың барлығы да осал емес. Жаста болса дзюдо күресінің сантүрлі тәсілдерін әбден меңгерген кәсіби спортшылар.

Боз кілемде белдескен балғындар бір-біріне есе жібермеу үшін намысқа тырысып бақты. Жаттықтырушылары мен жанқүйер көпшіліктің қолдауын арқа тұтқан жас палуандар өздеріне берілген уақытты текке жібермей, өз ұпайы үшін ұтымды пайдаланып қалуға тырысты. Алайда жарыс болған жерде таразының басы тең түсетін кез өте сирек. Қалайда бірі жеңуі, бірі жеңілуі тиіс. Жеңімпазы қуанады, жығылғаны жұбанады.

Жарыс – жас спортшылар үшін шындалу жолы. Сондықтан бұл турнирге қатысып, жеңіліп тапқан спортшылар өздері жіберіп алған қателіктерінен келер жолы сабақ алатын болады деп сенеміз.

Сонымен жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар арнайы дипломдар және медальдармен марапатталды. Сондай-ақ демеушілердің қаржылай сыйлығы табысталды.

Қуат АХЕТОВ

Мәселе

Қариялар қапалы, болмаған соң амалы

Алматыға қарай жолға шықтым. Кезекті еңбекті демалысымда әсем қаладағы бауырларыммен емен-жарқын сұхбат құрып, сағынған бауырларыммен жүздесіп, балалық шақтың ауылына саяхаттап, құлазыған көңілді бір көтеру болатын.

Көптен күткен пойызымыз перронға келіп тоқтап, вагондағы өз орнымызға жайғастық. Қарсы алдыма жүзін мұң басып, жаны жай таппаған кейіпте бір қарт кейуана орналасып жатты. Өз өміріне өкпелі екені аузынан шыққан сөзінен-ақ байқалып тұрды. Әлгі сөздерді естігенімде жүрегім дір етіп, дөңем тітіркеніп кетті. Қарап отырмай жол қысқарсын деген ниетпен әрі әлі қартты түңілдірген не жағдай екенін білмек оймен сөзге тарттым.

«Сізді кім ренжітті? Неден таршылық көрдіңіз?» дедім самайын ақ шалған анаға. «Кім дерің бар ма? Құдайдан тілеп алған жалғыз ұлым жаныма жалауа болмады ғой. Оған ессіз келін қосылған соң не оңсын? Қазір мені отырсам, опақ, тұрсам, сопақ етеді. Ең ақыры демдеген шәйіме дейін аңдып отырады. Ол үйде мен қалағанымды алып жей алмасам, баратын жеріме бара алмасам қайтемін. Үйге адам да шақыра алмаймын. Ұл да, келін де ешкімді жақтырмайды» дейді қарт күрсініп.

Көкірегі көптен құсаға толы екенін сезіп, жеңілдесін деген оймен сан сауалдарды қоя бастадым. «Қиын екен. Олардың мұнысы несі? Жеке-жеке сөйлесіп көрмедіңіз бе? Өздерінің бала-шағасы бар шығар. Анаңа не көрсетсең, алдына сол келеді дегенді де білмегені ме?» деймін бастырмалатып.

Бірнеше сұрақты бірден қойғаным ағаттау болды ма дегендей қарияға зер салсам, ол кісі ішін босатуға дайын отыр екен. «Келінім орыс тілін

де, ағылшын тілін жақсы біледі. Ұлым да оқыған. Бірақ әр нәрсенің басын бір шалады. Жұмыстары тұрақсыз. Келін сетевой дегеннен шықпайды. Үйде тұрмайды. Конференция, жиналыс деп жүгіреді де жүреді. Екі қыз, екі ұлын өзім өсіріп бердім. Ең кішкентайын қалай балабақшаға берді. Мен солай керексіз болып қалдым. «Зейнетақы алып тұратын боларсыз?» деп мен де көрейіме келген сұрақты тарс еткіздім.

Ол кісінің ішқұса болғаны соншалық мені қасынан жібергісі жоқ. «Аламын ғой! Бірақ картоқкамды келін мен бала ұстайды. Тоқсан мыңнан қолыма екі-үш мың зорға тиеді. Онда да айқай-шу ұрыспен. Кейде ешнәрсе ұстатпайды. Қалтамда ақшам болмаған соң шақырған жерге де бара алмай іштен тынамын. Ауырып қалсам, мезгілінде дәрі-дәрмегімді ала алмаймын. Өткенде жатып қалып, өлуге айналған соң картоқкамды қолыма беріндер, болмаса емдетіндер дедім. Екеуі бір-біріне сілтеп, арада бір апта уақыт өтті. Қайта жанашыр бір інім бар, сол алып кетіп емдетті. Ақшам өзімде болса, бұлай қор болмас едім ғой. Кезінде мені құрметтеген адамдарға құрмет көрсете алмайтын болдым. Сол жаным батады. Жалғыз ұлым ғой, оған да жаным ашиды. Өмірден өз жолын таба алмай-ақ қойды. Сосын әйелі екеуі менің зейнетақыма жармасады. Құдайға шүкір, жақсы ғой. Тамақтары тоқ, көйлектері көк. Тапқандарын үстіріне жапсырады, тойға барады. Тек маған «үйден шықпай отыра беріңіз. Жасыңыз



келді, сізге той, қыдыру неге керек?» дегені батады. Менің ешқайда шықпағанымды жақсы көреді. Жетпіс беске келдім. Орнымнан тұра алмай қалған түгім жоқ. Бұрын араласқан құрбы-құрдастарым да бар. Бірақ соңғы кезде бәрінен қол үздім. Себебі келін жақтырмайды. Үйде теледидар көріп отыра беріңіз. Мені кекетіп, мұқаттып отырады. Мені біткен адамға санайды. Өздері біліп бір киім, төтті, жылы-жұмсақ нәрсе әперуді білмейді. Көкөніс дегенді мүлдем көрмеймін. Өздері сырттан тойып келеді де маған картоп қуырып бере салады. Сақырлаған картоп маған жақпайды. Ыстық сорпа ішкім келіп, кейде өзім қазанға ет саламын. Ет жегенімді қайтейін, сол күні-ақ ішкен-жегенім желкемнен шығады. Келін ұрыс бастайды, ұл оны бір түйеді. Келіннің аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығады. Ұлым қатты ашуланса, оны аямайды. Жазым етіп қоя ма деп, екеуінің арасына түсемін. Ақырында мен жаман болып шығамын.

Мен теледидардан қазақша кино көргім келеді. Мені мазақ қылып сіз өткен ғасырда қалып кеткенсіз.түк

өзгермейсіз. Қазақша кино қызық емес» дейді. Мені де әзірге ұстап тұрған сол немерелерім. Әйтпесе ұлым мен келінімен баяғыда безгенмін. Немерелерімді кішкентайынан өзім қараған соң, сөзіме құлақ асады. Маған енді емін-еркін жүріп-тұру үшін Қарттар үйі паналау ғана қалып тұр» дейді ақ жаулықты ана қамлығып.

Иә, өте аянышты тағдыр. Отбасының ризығының еселейтін, берекесін келтіретін ата-анасын сыйламай, қарттар үйіне тапсыратын замандастарымыз көбейіп келеді. Өз үйі, өлең төсегінен безген біздің аяулыларымыз қарттар үйін амалсыз паналап жүр. Көз алдымнан әлгі анамызбен болған әңгіме кетпей, мен де ойға баттым. Замандастарым асылдарымызды өзімізден, немерелерімізден бездіріп, шынында біздер не істеп жүрміз? Жүрек қапалы, себебі ата-аналарымыздың наласы жабырақтай жүректі боздаттып тұр. Абай болайықшы, ағайын!

Г.ҚОЖАХМЕТОВА

Ерлік ел жадында жаңғырады

«Бейбіт күннің батырлары» деген сөзді соңғы кездері көп айтатын болдық. Кешегі жаугершілік заманның батырларының ізін бүгінгі бейбіт замандағы ұрпақтары жалғап келеді. Өйткені батырлық тек соғыста ғана танылмайды, батырлық тек атойлап атқа мініп, жауға шабумен ғана шектелмейді. Бейбітшіліктің бедері бұзылмаған заманда да өз өмірін қатерге тігіп, өзгенің өміріне араша түсетін қаһармандар жетерлік. Тіпті кейбірі оқыс оқиға үстінде жан тапсырып, ерліктің үлгісін көрсетіп кетеді. Осындайда жан-жақтан шулап, «Ел үшін туған ер еді» дейміз де қоямыз.



Қанша күннен бері телеарналар былай тұрсын, әлеуметтік желіні аша қалсаңыз ерлікпен қаза тапқан өрімдей жігіттер жайында ақпаратқа кезігеміз. Қызметін қалтқысыз орындап, Ел астанасындағы көпқабатты үйден шыққан өрт кезінде үш адамды құтқарып, өзі ауыр халде ауруханаға түскен Асқар Забикулиннің өмірін сақтап қалу үшін дәрігерлер бірнеше күн күресті. Алайда ол 20 қарашада ауруханада көз жұмды. Денесінің сексен пайызын күйік шалған азаматтық қорғау капитаны Асқар Серікұлын аман алып қалу мүмкін болмады. Бірнеше күннен кейін Көкшетау қаласында ерлік көрсеткен өрт сөндірушіні әріптестері мен туған-туыстары соңғы сапарға шығарып салды.

«Сағат 12.00-де республика бойынша Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық бөлімшелері бір минуттық үнсідікпен марқұмды еске алды. Асқар Забикулин туған жерінде, Еңбекшілер ауданы, Қазгородок ауылында жерленді» деген ақпарат бүкіл әлеуметтік желіге таралып, қазақстандықтардың қабырғасын қайыстырды. Расымен суық хабарға біздің де жүрегіміз өзілді. Асқардың қас қағым сәтте қюя қара түтінінің арасына ойланбастан өне кеткенің, бір емес, үш адамның жанын өлімнен арашалағанын, өзінің денесінің сексен пайызын күйік шалса да «Қызметім – менің борышым» деген қағиданы берік ұстанғаны көз алдымыздан көтер емес. Ол осы ерлігі арқылы Отан алдындағы борышын адал атқарған азамат атанып, ел үшін туған ер екенін дәлелдеп кеткендей. Ал жасы отызға да толмаған жігіттің артында өмірлік жары мен балалары қалды. Бірнеше отбасыны қымбат адамдарын аман алып қалып, қуаныш сыйлаған Асқардың отбасы енді өздері қайытқан қан жұтып отыр.

Болған оқыс оқиғаны, адам шығынын бәрін көзбен көріп отырып, ой келді. Қоғамда түрлі мамандық бар. Кейбірі қамсыз, енді кейбірі қауырт. Тіпті осы Асқардың жұмысы адам өміріне қауіп төндіретін мамандық, Асқар сияқты қанша жас, қанша азамат жүр осы қызметтің жауапкершілігін аркалап. Ақ халаттылардың абыройын асырдық, мұғалімдердің мәртебесін көтердік, енді осындай қара жұмыстың қауырт тірлігімен жүрген, тілсіз жаумен алысып, алапат күшін сарп етіп жүргендердің де жайын ойлап қойсақ дейміз.

Қазақта «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болсын» деген қуатты сөз бар. Сол сөзбенгі нағыз қоғам үшін, республика үшін, қоғамның ербір мүшесінің бас амандығы үшін түзде ат үстінде жүретін, өмірлері күрестен тұратын осы сала қызметкерлеріне қандай құрмет көрсетілсе де артық етпейді.

Жасыратыны жоқ, кешегі Республика күнінде де қоғам үшін маңызы бар деп бірнеше саланы құрмет төріне шығардық, алайда оқыс оқиға кезінде, түрлі қиын сәттерде алғашқы болып қара көрсетіп, жанқиярлықпен жан алысатын жандарды онша көзге ілмедік. Асқардың ерлігі ұмытылмайды, тіпті Асқар Забикулиннің отбасына үш бөлмелі пәтер берілді. Елорда көшелерінің біріне Асқар Забикулиннің есімі беріліп, биісті орнатылады. Дегенмен алтынмен алтап, күміспен қаптасақ та бауыр еті баласынан алда-жалда айырылған ананың қайғысын, жары мен күнөсіз балаларының көз жасын жеңілдете алмаймыз. Енді міне, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өрт сөндірушілерді марапаттау туралы Жарлыққа қол қойды. Күнде мәртебесін көтеріп, абыройларын асқақатпасақ та, аса қауіпті әрі жауапты маман иелері үшін бұның өзі үлкен құрмет деп есептейміз. Бір ғана Асқардың жанкешті әрекетін тілге тиек етіп отырмыз. Алайда қоғамда талай қаһармандар жүр. Талайы жанын шүберекке түйген күйі жарық жалғаннан аттанып кете барды. Қолда бардың қадірін білетін халықпыз ғой, бейбіт күннің батырларын да бастары аман, дендері сау кезінде лайықты орнына көтерейік, бағалайық, құрметтейік.

Жалпы қазақтың менталитеті тектіліктен тұрады. Қайсарлық пен табандылық, тиісінше кеңпейілділік пен бауырмалдық та қазақтың қанында аттай тулап тұрады. Қолда бардың қадірін білеміз, қалай келгені де сана түкпірінде түйсінеміз. Осыдан он жылдан аса уақыт бұрын мерекелердің қатарында болған Республика күнінің қайта оралуы да қазақстандықтар үшін жағымды жаңалық болды. Өйткені республика деген ұғым байырғы ата-бабадан аман-есен жеткен қазақтың маңдайына біткен қасиетті қара жердің құнымен пара-пар.

«Өткенімді білмесең, болашаққа қадам баса алмайсың» деген сөз бар. Иә, бұл күнге қалай жеткенімізді естен шығаруға тиісті емеспіз. Қайғы әкелген қасіретті жылдар, сұралып соғыс пен азаттық үшін болған күрестер бәрі-бәрі тарих беттерінде сайрап тұр. Ал бүгін заман тыныш дегенімізбен, қазіргі бейбіт күнде де небір ерліктер жасалуда. Оны құлағымыз естіп, көзіміз куә болып жүр. Өмір мен өлім қатар келген қас қағым сәтте қорқынышты жеңе біліп, жанкешті әрекеттерге барған азаматтар арамызда жүр. Олардың ербірінің сын сағаттағы қабылдаған шешімі, ойланбастан қара басын қатерге тіктірген бойындағы батылдығы кейінгі ұрпақ үшін үлгі болып қала бермек...

Нұр НАУАН

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ	Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. “Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. <i>Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.</i> Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті қозқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміресе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 3075 Тапсырыс № 2017 Кезекші редактор: Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ
--	---	--	---	--